ДЕҢГЕЙЛІК ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ – ҚҰЗЫРЛЫЛЫҚ БАСТАУЫ

Нұрбекова А.М. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы
Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі
Жаркент қаласы

Ұлы даланың данасы Абай: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» - деп, озық ойлы білімді адамдар заманның ілгерілеуіне, өзгеруіне үлес қосатынын айтса керек. Бүгінде осы білімді болашақ ұрпақтың бойына сол Абай атамыз айтқандай «тілге жеңіл, жүрекке жылы тигізіп» бере алатын ұстаздың шеберлігі қандай жоғары болғанмен, шәкірттің ішкі уәжін оята алмаса, ол білімнің болашақта пайдасы да болмайды. Шәкірттің құзіретті тұлға ретінде қалыптасуы оның қызығуы мен белсенділігі арқылы жүзеге асады. Ендеше, жаңаша білім беру әдістерін үйрететін деңгейлеп оқыту бағдарламасының басты мақсаттарының бірі – шәкірттерінің ой еркіндігі, белсенділік, ізденімпаздық қасиеттерін дамытып, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыра алатын оқытушыны оқыту.

Сындарлы оқыту теориясы негіздерін қамтыған бұл бағдарлама - оқу мен оқытудағы жаңа тәсіл. Бұл теория шәкірттің ойлауын дамыту олардың бұрынғы алған білімдері мен аудиториядағы түрлі дерек көздерінен, оқытушыдан, оқулықтан және құрдастарынан алған білімдерімен астастырыла жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. 2019 жылы 03 наурыз бен 19 сәуір аралығында Нұр-Сұлтан қаласында «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығында «Жоғары оқу орындары және колледж оқытушыларының деңгейлік бағдарламалар бойынша біліктілік арттыру курсы» өтті. Курстың алғашқы 2 аптасында ПШО тренері жаңа мазмұнда сабақ берудің теориялық негіздерімен таныстыра отырып, көптеген жаңа стратегиялар, әдістер мен тәсілдерді практикалық тұрғыда меңгертті.

Ал оқу орнындағы үш апталық тәжірибе кезеңінде белгілі бір пәннен тізбектелген 3 сабақ өткізу арқылы біліктілік арттыру курсының алғашқы кезеңінде алған теориялық білімдерімізді іс жүзінде қолданып, нәтижесіне көз жеткіздік. Топтық жұмыстарды ұйымдастыруда студенттің ұзақ мәтінді немесе күрделі ақпаратты аз уақыт ішінде өздігінен меңгеруі, студенттер ортасында өзара ынтымақтастық пен жағымды бәсекелестікті қалыптастыру, оларың коммуникациялық қабілеттерін арттыру, барлық студенттерді жұмыс

жасауға бағыттау мақсатында қолдана отырып, студенттің кәсіби құзіреттілігін арттыруда мүмкіндігі үлкен екендігіне көз жеткіздік.

Оқу орнында жүргізілген тәжірибелік сабақтарда түрлі әдістерді қолдана отырып жүргізілген диалогтық оқыту студенттердің сын тұрғысынан ойлау, қажетті ақпаратты талдай алу, пікірталастарға қатысу, шешімдерді таразылау, басқа да әріптестерімен қарым – қатынас жасай алу сияқты дағдылары қалыптасты. Студент оқу үрдісіне толық қатыса отырып, өз бетінше ізденіп білім алуға ұмтылды. Болашақ педагогикалық қызметте осы тәжірибе кезеңінде қолданылған әдіс – тәсілдердің сәтсіз тұстарын жетілдіру, түрлендіре қолдану, зерттеу жобаларын қолдану, түрлі ақпарат көздерін қосу сияқты сияқты бағытта жұмыстар жүргізу мақсат етілді.

Сын тұрғысынан ойлау студентпен қатар оқытушыдан да өзінің педагогикалық тәжірибесін, жаңаша оқыту тәсілдері мен студенттердің оқуын бағалау әрекеттерін сыни тұрғыдан қарастыруды талап етеді. Аудиторияда студенттің оқу материалына, жалпы пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, өз ойы мен өзгелердің ойына сыни қарап, бұрынғы білгендерімен салыстыра, талдай отырып қорытынды тұжырым жасауға баулу – оқытушы шеберлігі мен өз қызметін сын тұрғысынан ойлануына байланысты болады. Сын тұрғысынан ойлау студенттердің тақырып аясындағы жаңа идеяны сол күйінде қабылдап қана қоймай, олардың негізгі себептерін, бүгінгі күндегі маңызын, өзінің рухани дамуы үшін қажеттілігін тану және өз өажеттілігіне қарай лайықтау, ой елегінен өзкізу, яғни өз мақсатына пайдалануы үшін өте маңызды. Ендеше, сын тұрғысынан ойлауды оқытушы сабағының өн бойында болуы қажет.

Тәжірибе кезеңінде өткізілген сабақтардың өн бойында қалыптастырушы бағалау үнемі жүзеге асырылып отырды және ол тікелей оқу мақсаттарына негізделді. Сабақтарда қолданылған қалыптастырушы бағалаулардың тиімділігі - студенттің қандай да бір оқу мақсатына қол жеткізгенін айқындап, студенттің әрбір өзіндік ой – тұжырымы, жазбаша немесе ауызша жұмысы бағаланып, оның кемшіліктері емес, оң тұстарына, яғни дұрыс бағытына баса мән берілді. Қалыптастырушы бағалау студенттің оқу мақсаттарын меңгеру деңгейі туралы нақты мәлімет алып, оның білім алу үрдісіндегі олқылықтарды тез арада анықтап, студент пен оқытушы арасында кері байланыс орнату болып табылады. Осы мақсатты табысты жүзеге асыру және студенттің одан арғы білім алуға деген ішкі уәжін көтеру үшін бұдан кейінгі педагогикалық қызметте қалыптастырушы бағалаудың түрлері мен қолдану тәсілдерін дамыта қолдану қажет. Білім беру мазмұнындағы соңғы жылдардағы өзгерістер бағалау жүйесіне де әсер етуде. Оқу мен оқытуда қолданылатын әдіс – тәсілдерді жетілдіруге арналған қалыптастырушы

бағалау немесе оқу үшін бағалау бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі бағалаудың кейбір кемшіліктерін жойып, студент білімін бағалауда мақсатқа қол жеткізудің тиімді тәсілі екендігіне осы курс барысында көз жеткізілді.

Дарынды және талантты шәкіртті оқыту - кез-келген ұстаздан жоғары жауапкершілікті, терең ойланып жоспарлауды қажет ететін күрделі жұмыс. Солай болғанмен, шәкіртінің жоғары жетістіктерге жетуі - әр оқытушының арманы. Сол үшін кез - келген педагог өз сабағында білім алуға арналған қолайлы орта қалыптастыруға барынша күш салады. Себебі, ондай студенттердің қызығушылығы ұзаққа созылатын, еңбек етуге бейім және шығармашылық пен тапқырлық қасиеттері жоғары болғандықтан, қоғам үшін өте пайдалы. Осындай студенттермен жұмыс істеу – педагог үшін кезек күттірмейтін, өзекті мәселе. Сондықтан, студенттердің таланты мен дарынының ашылуы, зияткерлік қабілеттерінің қалыптасуы, пәнге деген қызығушылығының артуы оқытушыға байланысты. Болашақ сабақтарда осы бағытта ізденіп, пассив студенттердің бойындағы қасиеттерді ашу жолдарын қарастыру қажет. Ол үшін жаңартылған мазмұндағы білім берудің интербелсенді әдістерін жете меңгеріп, оны пәннің табиғаты мен студенттердің мамандығына қарай жетілдіріп, дамытып, түрлендіріп пайдалануды мақсат етілді.

Деңгейлік бағдарламалар бойынша біліктілік арттыру курсы барысында жаңаша білім берудің әдіс – тәсілдеріне негізделген сындарлы оқыту теориясын түсініп, алған теориялық білімдерді тәжірибелік сабақтарды жүргізу арқылы іс жүзінде қолданылды. Тәжіриелік сабақтар нәтижесінде дайын білімді беруге негізделген дәстүрлі оқытудың студентті тұлға ретінде дамытуға, бастапқы білім мен жаңа білімді байланыстыруға, сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға, алған білімді болашақ өмірде қолдануға бағытталмағаны байқалды. Ал оқытудың сындарлы теориясы оқытушы ретінде өз сабақтарымды болашақ маманның кәсіби құзіреттерін дамытуға, олардың өз білімі мен біліктілігін арттыруға әсер ететін тапсырмалар мен мәселелерді шығармашылықпен шешуге, жекелеген студенттердің білімді қабылдау ерекшеліктеріне сай бағыттап жоспарлауымды талап ететінін түсіндім. Бағдарлама модульдерін меңгеру нәтижесінде алған білімім болашақтағы педагогикалық қызметімде сабақтарды жаңаша ұйымдастыруды талап етеді. Біліктілік арттыру курсының мен үшін жаңалықтары мен пайдасы өте көп болды, соның бірі - өз жұмысыма рефлексия жасауды да үйрендім.

Қорыта айтқанда, бұрынырақта оқытушының басты мақсаты – оқудың (берілетін білімнің) мазмұны болса, ендігі мақсатымыз – оқыту, оқу және бағалау арқылы студенттің оқу нәтижелерін анықтау болып отыр. Бұл

студенттің оқып-үйренуінің кең ауқымды болып, өмірдің көлденең тартар қандай проблемасын болсын шешуге құзырлы болуы керек деген сөз.